



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 47 (846) 21 қараша 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi <https://vk.com/Magzhanzhuldizi> e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ ФОРУМЫ

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІНЕ АЙНАЛУҒА ТИІС

ОН ЖЫЛДАҒЫ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің басында жиынға қатысушыларды Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтады. Мемлекет басшысы форумның өлімізде тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Президенттің пікірінше, тың игеру науқанының түрлі салдары болғанына қарамастан, ауыл шаруашылығында көптеген оң өзгеріс жасалды. Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдегі астықты елдердің біріне айналды. Бұл ретте ол алғашқы тыңгерлердің және олардың ізін басқан диқандарымыздың еңбегін ерекше бағалады.

— Қазақстан егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан әлемде 6-орын алады. Біз бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Ұн экспорты бойынша кеш басындағы елдің біріміз. Биыл түрлі қиындыққа қарамастан, қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын-терімде 26,7 млн тонна дақыл жиналды. Бұл — кейінгі он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шын мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін! — деді Президент.

Президент жүйелі жұмыстардың нәтижесінде инфляция деңгейі төмендегенін, ал ұлттық экономиканың өсімі биылғы қантар-қазан айларында 4 пайыздан асқанын жеткізді. Оның айтуынша, мұнайдан тыс салаларды дамыту арқылы оң дина-

Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы өтті. Осынау іс-шараға еліміздің түпкір-түпкірінен 2 мыңнан аса адам жиналды. Форумға агрохолдингтердің өкілдері, фермерлер, шаруа қожалықтарының жұмысшылары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің мүшелері мен инвесторлар қатысты.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ ФОРУМЫ

мика байқалады. Бұл — маңызды үдеріс. Ішкі жалпы өнім өсімінің үштен екісінен астамы сауда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс пен ауыл шаруашылығына тиесілі. Осы бағыттағы бөлсенді жұмысты жалғастыру керек.

— Қазақстан шетелдерден тікелей инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Биыл жетекші халықаралық рейтинг агенттіктері Қазақстанның қазіргі несие рейтингін инвестициялық сенімділік деңгейінде тұрғанын растады.

Қыркүйекте Moody's агенттігі Қазақстанның ұзақмерзімді рейтингін «Тұрақты» деңгейіне көтерді. Бұл — Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үздік нәтиже. Инвестиция экономиканың кен өндіруден тыс салалары-

на көбірек тартылды. Өңдеу секторы көлемі жағынан қазіргі өзінде кен өндіруді басып озды өрі үздіксіз өсіп келеді (өнеркәсіп құрылымында өңдеу секторының үлесі 47 пайызды құрайды). Бұл салада бүгінде 630 мың азамат жемісті еңбек етеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Мемлекет басшысы жыл соңында жалпы құны 1,2 трлн теңгені құрайтын 180 индустриальды жоба іске асырылатынын хабарлады. Атап айтқанда, катодты мыс (Қарағанды облысы), ферроқорытпа (Павлодар облысы), жүк көліктерінің бөлшектері (Қостанай облысы), цемент, бағалы металл өңдеу өндірісі (Жамбыл облысы) секілді ірі зауыттар жұмыс істей бастайды. Қазіргі уақытта вольфрам кенін қайта өңдеу (Алматы облысы), «Chevrolet Onix» автокөлік маркасын құрастыру (Қостанай облысы), мыс концентраты (Жамбыл облысы), жылу оқшаулағыш материалдары (Алматы облысы) және қыш тақталары (Шымкент қаласы) өндірістері пайдалануға берілді. Атырау облысында полипропилен шығаратын зауыттың ашылуы мұнай-газ химиясы саласының толықтай қалыптасуына ықпал етті. Алдағы уақытта полиэтилен мен бутаден өндіру жоспарланған. Маңғыстау облысында еуропалық консорциумның қатысуымен «жасыл» сүтегі өндірісі жобасы жүзеге асырылады. Осылайша өлімізде озық халықаралық стандарттарға сай және сыртқы нарыққа сұранысқа ие өнім өндіретін жаңа кәсіпорындар құрылып жатыр.

Жалғасы 2-3 беттерде.

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

КЕҢЕСТЕ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Жиында облысшілік, ауданшілік жолаушыларды тасымалдау, отбасының сандық картасы, D, E санаттарындағы адамдар санының төмендеуі, құжат айналымы мәселелері қаралды.

Бірінші мәселе бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев баяндама жасап, жолаушылар тасымалымен 62 елді мекен қамтылғанын жеткізді.

Бүгінгі таңда тұрақты маршруттармен 31 ауыл немесе 50% қамтылды. Ауданның және Булаев қаласының елді мекендерінде жолаушыларды тасымалдау бойынша қызмет көрсететін 62 жеке кәсіпкер (такси, шағын автобустар) жұмыс істейді.

Сонымен қатар, ауданда жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін 50 аялдама бар. Сондай-ақ, Петропавл-Есілкөл электр пойызы мен Новокузнецк-Кисловодск пойызы тоқтайтын теміржол вокзалы бар. Аудан арқылы 2 халықаралық маршрут, 7 облысшілік маршрут өтеді, — деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Аудан басшысы халықпен кездесу барысында Булаев қаласының солтүстік жағында, НПС пен Заготскот көшелері бойынша жолаушыларды тасымалдау үшін қалалық әлеметтік маңызы бар маршрут ашу қажеттігі туралы мәселе көтерілгенін еске салды.

Ағымдағы жылдың 29 қыркүйегінде Булаев қаласының автовокзалындағы көшпелі кездесу барысында мән барлық бағыттарды әлеметтік маңызы бар бағыттар ретінде қосу бойынша тапсырма берді. Осыған орай, аудан өкімінің орынбасарына Булаев қаласының солтүстік жағына субсидияланатын автобус бағытын

19 қараша күні аудан өкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, аудан өкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, полиция бөлімінің басшысы, мәслихат төрағасы, «Аманат» партиясы филиалының төрағасы, ардагерлер қоғамдық кеңесінің төрағасы, жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің өкімдері қатысты.

Екінші сұрақ бойынша ауданның ашу, аудан арқылы өтетін республикалық маңызы бар жолдардың бойында аялдама қажеттілігін талдау мәселесін бақылауға алуды тапсырамын. ТКШ бөліміне Булаев қаласының солтүстік жағына субсидияланатын автобус бағытын әзірлеп, аудандық аурухана жанындағы аялдаманы жайластыруды тапсырамын.

Екінші сұрақ бойынша ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақтыжан Ысқақова ақпарат берді.

— 2023 жылғы 29 маусымда отбасының (адамның) әлеуметтік саламаттылығын айқындау әдістемесі бекітілді, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 24 бабы 3 тармағына сәйкес әзірленді және отбасының цифрлық картасы арқылы отбасыларды (адамдарды) әлеуметтік саламаттылық деңгейі бойынша қалыптастыру және сегменттеу үшін қолданылады.

Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде осы санаттардағы отбасылар санын 120 отбасына азайту, көрсеткіші 3367 отбасыдан 3247 отбасына дейін жеткізу (немесе төмендеу үлесінің 3,6%) қажет.

Отбасының цифрлық картасына сәйкес Мағжан Жұмабаев әкімдігінде тәуекел тобына жататын 3 367 азаматтың тізімі жеткізілді, оның ішінде: дағдарыстық (D) —

2 783 отбасы және шұғыл (Е) — 584 отбасы.

2024 жылғы шілдеден бастап 15 қарашаға дейінгі кезеңде төмендеу динамикасы — 97 отбасын немесе төмендеу үлесінің 2,9% құрады. Бұл бағыттағы жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес жалғасуда, — деді Бақтыжан Нұрмұқанқызы.

Аудан өкімі күн сайын дағдарыстық «D» және шұғыл «Е» санаттарына мониторинг жүргізуді, алға қойылған міндеттерді орындау (120 отбасы) қажеттігін ескерті. Сондай-ақ Рахат Назымбекұлы Булаев қаласында мектепке дейінгі мекеме құрылысы сұрағын қарастыруды тапсырды.

Үшінші сұрақ бойынша жалпы мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы Үлкенен Ахметова мәлімет ұсынып, облыс өкімі аппараты ӨРПК таппартын сақтау бойынша жүйелі түрде мониторинг жүргізілетіні және ол облыс басшылығының тұрақты бақылауында болатынына тоқталды.

Ауданның жергілікті атқарушы органдарында, ауылдық округтер өкімдерінің аппараттарында құжаттармен жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарында құжаттау қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Алайда, жергілікті атқарушы органдар БҚА арқылы құжаттарды ресімдеу кезінде жиі қателіктер жібереді, 2024 жылғы 3 тоқсанда құжаттарды пысықтауға 116 (шілде — 28,

тамыз — 39, қыркүйек — 49) қайтарылды. БҚА бойынша жұмысты талдау ауылдық округтер мен Булаев қаласы өкімдерінің аппараттарымен, аудан бөлімдерімен құжаттандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талтаптарын Буза отырып құжаттар енгізілгенін көрсетті.

2024 жылғы 1 қазанда аталған мониторинг негізінде 1 мемлекеттік қызметші өз міндетін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 1 мемлекеттік қызметші жалпы мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшенің қызметтік хаты негізінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды, — деді Ұлкенен Шаймұрақызы.

Аудан өкімі бөлім басшыларына, Булаев қаласы мен ауылдық округ өкімдеріне БҚА (бұлтты құжат айналымы) жүйесіндегі құжат айналымы бойынша жұмысты бақылауға алуды және хаттарды ресімдеу кезінде қателіктер жібермеуді тапсырды.

— Осы ретте, өкім аппаратының басшысы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы зерделеу бойынша жалпыға бірдей оқыту жүргізісін. Сонымен қатар, өтініш бөлігінде ӨРПК нормаларын зерделесін, — деді Рахат Смағұлов.

Апараттық кеңес соңында кәсіподақ ұйымдары құрылмаған мекемелердің ұжымдарымен апараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қызметкерлердің еңбек құқықтарын және әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауға назар аудару қажеттігі сөз болды.

«WORLD SKILLS» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ

ВАДИМ ВИТКОВСКИХ - ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ

14-18 қараша аралығында Астанада жыл сайынғы «World Skills» республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты (орта арнаулы оқу орындары мен түлектер арасында жұмысшы мамандықтары бойынша республика чемпионаты) өтті. Бұл байқау еліміздің түкпір-түкпірінен жұмысшы мамандықтарының үздік өкілдерін жинап, жеңімпаздарды анықтайды.

- Вадим Витковских — Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіптік даярлау және сервис колледжінің түлегі, бүгінгі күні осы колледждің өндірістік оқыту шебері біздің ауданымыздың ерекше мақтаншысы болды.

Вадим «дәнекерлеу технологиясы» номинациясында алтын медаль жеңіп алып, абсолютті чемпион атанды!

Оның кәсібилігі мен табандылығы тұғырдың жоғарғы сатысына көтеріліп қана қоймай, келесі жылы өтетін «World Skills International» әлемдік чемпионатында Қазақстанның атынан

өнер көрсету құқығын жеңіп алуға мүмкіндік берді. Бұл үлкен құрмет пен жауапкершілік және Вадим біздің еліміздің намысын халықаралық аренада лайықты түрде қорғайды деп сенемін!

Колледж педагогтары мен тәлімгерлеріне болашақ мамандардың дамуына қосқан үлестері үшін алғыс білдіремін. Бұл жетістік жұмысшы мамандықтарын таңдайтын жас ұрпаққа шабыт беретін нәтиже!

Вадимге жаңа жеңістер мен одан әрі табыстар тілеймін, - деді аудан әкімі Рахат Смағұлов әлеуметтік желіде.



МЕРЕКЕ МӨЗЕТІ

ҚАРЖЫГЕРЛЕР ҚАШАН ДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ



Мерекеге аудан әкімінің экономика және жедел мәселелері жөніндегі орынбасары Достан Тасмағамбетов, қаржы жүйесінің қызметкерлері, есепшілер, банк өкілдері және қазынашылық органының мамандары қатысты. Салтанатты жиында Достан Серікболатұлы аудан әкімі Рахат Смағұловтың құттықтауын жеткізіп, мерекемен құттықтады.

- Құрметті қаржы саласының қызметкерлері!

15 қарашада Қазақстан ұлттық валюта - теңге күнін атап өтеді, ол қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне айналды. Халық арасында бұл мереке, көбінесе, қаржыгер күні деп аталады,

15 қараша күні аудандық Мәдениет үйінде Қазақстанның ұлттық валютасының 31 жылдығына және қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

бұл оның экономикалық және қаржы секторларында жұмыс істейтіндердің барлығына маңыздылығын көрсетеді. Бұл күн елдің тәуелсіздігі мен экономикалық тұрақтылығын бейнелейді, сондай-ақ Қазақстанның қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз ететіндерге ризашылық білдіруге тамаша мүмкіндік.

Қаржы жүйесі тек жоғары біліктілікті ғана емес, сонымен қатар ерекше қасиеттерді—шыдамдылықты, адалдықты және жауапкершілікті талап етеді. Ауданның экономикалық тұрақтылығы,

кәсіпорындар мен мекемелердің жұмыс істеуі мен дамуы, маңызды міндеттерді шешу Сіздердің қаржылық жағдайды дәл бағалау, болашаққа өз іс-әрекеттеріңізді жедел есептеу қабілетіңізге байланысты. Олардың ішіндегі ең маңыздысы - ақшалай ресурстарды сауатты жоспарлау және бөлу, қаражатты жұмсау тиімділігін басқару, барлық деңгейдегі бюджеттер үшін кіріс көздерін дамыту.

Ендеше, төл мереке күні Сіздерге және Сіздердің отбасыларыңызға мықты денсаулық, бақыт пен амандық тілеймін, -

деді аудан әкімінің экономика және жедел мәселелері жөніндегі орынбасары.

Бұл күні қаржы саласының бірқатар мамандары сахна төріне шақырылып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, кепілдік, адал еңбегі үшін және Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы және қаржы саласының қызметкерлері күнін мерекелеуге байланысты аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мереке одан әрі аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары әзірлеген концерттік бағдарламамен ұласты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

МЕРЕЙТОЙ

85 ЖАСҚА КЕЛГЕН ҚАРИЯҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



15 қараша күні Советское ауылының тұрғыны - Михаил Иванович Ризник 85 жасқа толып, мерейтой иесін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, Алтын дән ауылдық округі әкімі аппаратының ұжымы және «СК Agro 2050» ЖШС директоры Николай Кляйн мен ардагерлер кеңесінің белсендісі Көгершін Қанышева құттықтады.

Бар ғұмырын туған жерінің гүлденуіне арнап, көп жыл бойы ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен ауыл еңбеккеріне құттықтау сөздері айтылып, лайықты сый-сияпат жасалды.

Михаил Иванович - Украинаның Львов облысында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін комбайнер мамандығын алып, тың игеруге аттанады. Советское кеңсарының екінші бөлімшесінде жұмыс істеп, бірнеше рет адал еңбегі үшін жоғары марапаттарға ие болған жан.

Ол қарапайым жұмысшыдан бөлімшенің басқарушысы, кейін кеңсар директорының орынбасары лауазымына дейін көтеріліп, еңбек озаттарының қатарында болған ардагер.

Бүгінгі күні Михаил Иванович Ризниктің мерейтойы - ауыл өміріндегі маңызды оқиға. Жанқиярлықпен еңбек еткен ардагер лайықты түрде бүгін жерлестерінің қошеметіне бөленіп отыр. Бұл адамның есімі мен еңбегі ауылдық округтің шежіресінде лайықты орын алып, оның өмірлік және еңбек жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге екені сөзсіз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

№ 11 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ



САПАРОВ ӘЛІБЕК ӘНУАРБЕКҰЛЫ

Өмірбаяны

Менің атым Әлібек Сапаров, Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы ауылында туып-өстім. 1988 жылы орта мектебінде бірінші сыныпқа бардым.

Көшуге байланысты 1999 жылы ауданның Қарақаға орта мектебін бітірдім. Зооинженер мамандығы бойынша жоғары білімім бар. 20 жылдан астам уақыт ауыл шаруашылығы са-

ласында жұмыс істеп келемін, «Ноғайбай» ЖШС директорымын. Үйленгенмін, жұбайыммен бірге үш бала тәрбиелеп отырмын.

Сайлауды бағдарламасы

Бағытқа назар аударуға тырысамын:

жергілікті өзін – өзі басқару органдарының өкілеттіктері кеңейіп келеді, сондықтан депутаттыққа лайықты адамдарды таңдау - азаматтардың қажетті миссиясы. Сіздердің назарларыңызға өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Менің бағдарламам - бұл Полудин ауылдық округі мен Бәйтебек ауылдық округі тұрғындарының проблемаларын шешу жолдарын көрсететін нақты жоспар. № 11 сайлау округінен депутаттыққа үміткер болғанға дейін мен осы округ тұрғындарының проблемалық мәселелерін зерттедім. Халықты толғандыратын мәселелерді талдап, жүйелеп, негізгі бағыттардан тұратын бағдарлама әзірледім. Әрбір тұрғын өзінің

Біріншісі - аталған ауылдық округтердің ауылдарын абаттандыру (кіреберіс және кентішілік жолдарды орташа және ағымдағы жөндеу, дүкендер ашу, Мәдениет үйлерін жөндеу);

Екіншісі - халықтың әлеуметтік осал топтарын: көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды, мүгедектігі бар адамдарды, жалғыз тұратын қарттарды қолдау;

Үшіншісі - тұрғындарға жұмысқа орналасуға көмектесу, сондай-ақ қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Бұл менің сайлауалды бағдарламамның негізгі бағыттары ғана. Сондай-ақ қыс мерзімінде жолдарды күтіп

ұстауға, сенімді байланыс пен жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге, ауыл тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыруға және жастардың жұмыспен қамтылуына назар аударатын боламын.

Мен көтерген мәселелерді іске асыру бойынша негізгі буын бюджетті қалыптастыратын, әкімдіктің кадр құрамына әсер ететін, ауылдағы өмірді реттейтін ережелерді өзіндік негізінде мәслихаттағы фракция мен «AMANAT» саяси партиясы болып табылады. Ауданның даму бағдарламасының орындалуын және аудандық бюджеттің жұмсалуды бақылау.

Өз таңдауыңызды жасаңыз!

Құрметті сайлаушылар!
Менің бүкіл өмірім мен жұмысым мағжандықтармен тығыз байланысты. Мен күн сайын көшелерде, ауылдарда, нысандарда, дүкендерде кездесетін жерлестерімнің мәселелері мен тілектерін білемін. Тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту және ауданымыздың дамуы үшін білімімді, кәсіби және өмірлік тәжірибемді қолдануға әрқашан ұмтыламын.

Менің сайлауалды бағдарламам
Бүгінде мәслихаттардың,

Материал кандидатқа республикалық бюджеттен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға бөлінген қаражат есебінен жарияланды

№ 11 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ



АХМЕТЖАНОВ АҒЖАН ӘБЖАНҰЛЫ

Өмірбаяны

Мен, Ахметжанов Ағжан Әбжанұлы 1980 жылы 26 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының Булаев каласында дүниеге келдім. 2004 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 2005 жылы Медвежка орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастадым. 2008-2015 жылдары Октябрь орта мектебінде

жұмыс істедім. 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ауданның білім бөлімінде кітапхана қоры бойынша әдіскер лауазымында еңбек етемін.

Сайлауды бағдарламасы

мәслихатының депутаттығына №11 сайлау округінен өз кандидатурамды ұсына отырып, мен ауылдық елді мекеннің өмірлік маңызды мәселелерін шешуге белсенді қатысуды мақсат тұтамын.

Менің сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары:

- адамдардың әл-ауқатын жақсарту, олардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;
- ауыл халқының денсаулығын нығайту, аналар мен балаларды қорғау;
- ауылдық округте аулалар-

да абаттандыру, көшелерді жарықтандыру және жолдарды жөндеу мәселелерін шешуге жәрдемдесу;

- білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мәселелерін шешуге, сондай-ақ аталған салаларды қаржыландыру мәселелерін шешуге тырысу;
- білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы жас мамандар үшін тұрғын үй мәселелерін шешу жөнінде шаралар қабылдау;
- медициналық қызметкердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға жәрдемдесу;

- ауылдық округ тұрғындарын жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша қолдау көрсету;
- халықты саналы таза ауыз сумен қамтамасыз ету;
- аз қамтылған және көп балалы отбасылар мен мүгедектерді қолдау;
- адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысты күшейту;
- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;
- ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырудың басты көзі ретінде ауыл шаруашылығын дамытуды белсенді қолдау;

- ауыл үшін қажетті бағдарламаларды жеңілдікпен қаржыландыруға көмектесу;
- ауданда тұратын барлық ұлттардың салт-дәстүрлерін дамытуға және олардың арасындағы ұлтаралық келісімді сақтауға жәрдемдесу.

Құрметті сайлаушылар, егер Сіздер маған сенім білдірсеңіз, мені Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының депутаты етіп сайласаңыздар, мен жоғарыда қойылған міндеттерді шешу үшін барлық білімім мен тәжірибемді жұмсайтын боламын.

Құрметті сайлаушылар!
Біздің мемлекетіміз бен ауданымыз соңғы жылдары қарқынды дамып келеді, жыл сайын мағжандықтардың өмір сүру сапасы жақсарып келеді. Қазіргі уақытта - бұл елдің экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуындағы орасан зор өзгерістер дәуірі, сондықтан алға қойылған мақсаттарға өз үлесін қосу - әрбір қазақстандықтың міндеті.

Мағжан Жұмабаев ауданы

Материал кандидатқа республикалық бюджеттен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға бөлінген қаражат есебінен жарияланды

№ 11 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ



ИСМАҒҰЛОВ ЕРМЕК КІШІБАЙҰЛЫ

Өмірбаяны

Мен, Исмағұлов Ермеқ Кішібайұлы 1990 жылы 26 сәуірде Ақмола облысы Зеренді ауданы Чапкинга ауылында дүниеге келдім. 2013 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 2014 жылы «Кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі» КММ-де дене шынықтыру пәнінің оқытушысы болып бастадым. 2015-2019 жылдары «Кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі» КММ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы лауазымында жұмыс істедім. 2019 жылы директорын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды.

2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «М.Жұмабаев ауданының БЖСМ» КММ басшысы болып жұмыс істеймін.

Сайлауды бағдарламасы

Деп санаймын:

және ауданымызды дамытудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыру үшін қолданамын.

Мен сайлаушылармен үнемі кездесіп, олардың өтініштерін орындауға тырысамын. Біздің ауыл тұрғындары мен аудан тұрғындарының өміріндегі оң өзгерістерді көру қуанышты жағдай, бірақ денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту және спорт салаларындағы аудан азаматтарының әлеуметтік өмірін өлті де жақсы жаққа өзгерту керек. Сондықтан мен ауданымыздың дамуына өз үлесімді қосу үшін кезекті сайлауға барамын.

Біз басты жетістіктер - бейбітшілік, келісім және еркендеу

болып табылатын қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Біздің Президент өзінің жыл сайынғы Жолдарында қазақстандықтар бағдарланатын елдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы үшін нақты міндеттер қояды. №11 сайлау округінен аудандық мәслихаттың депутаты болсам, мен Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары мен Үкіметтің міндеттерін орындау ісінде бар күш-жігерімді саламын.

Мен өзімнің депутаттық қызметімді сайлаушыларымның мүдделерін іске асыруға бағыттаймын.

Менің сайлауалды бағдарламамды іске асыруды азаматтық парызым

- ауылкөшелерін жарықтандыру;
- жолдарды жөндеу және күтіп ұстау;
- ауыл тұрғындарын ауыз сумен, сенімді байланыспен және жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын ұйымдастыру;
- ауылдарды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру;
- мәдениет мекемелерінің, мектептердің, спорт гимндраттарының материалдық базасын нығайту;
- халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- жан-жақты мәдени даму, халықтық дәстүрлер мен салт-

- дәстүрлерді сақтау үшін жағдай жасау;
- ескеден ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу, жастарды жұмыспен қамтуға және бос уақытын ұйымдастыруға қолдау көрсету;
- ауданда бейбітшілікті, ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайту;
- халықтың әлеуметтік осал топтарын: көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды, мүгедектерді, жалғыз тұратын қарттарды қолдауды қолдау;
- Басты мақсаттыма сүйене отырып, мен өзіме аудандық мәслихат депутаты ретіндегі қызметіме жоғарыда айтылған маңызды міндеттерді қойдым.

Құрметті сайлаушылар!
Мен, Исмағұлов Ермеқ Кішібайұлы, Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидатпын. Менің саналы өмірім мағжандықтармен тығыз байланысты: спортты және жаттықтырушы ретінде мен күн сайын әріптестеріммен, балаларыммен және ата-аналарыммен кездесемін.

Егер Сіздер мені депутат ретінде сайлайтын болсаңыздар, онда мен барлық білімімді, кәсіби және өмірлік тәжірибемді округ тұрғындарының өмірін жақсарту

Материал кандидатқа республикалық бюджеттен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға бөлінген қаражат есебінен жарияланды



Дүйсенбі, 25 қараша	Сейсенбі, 26 қараша	Сәрсенбі, 27 қараша	Бейсенбі, 28 қараша	Жұма, 29 қараша	Сенбі, 30 қараша	Жексенбі, 1 желтоқсан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 04.35 «ИЖУ-МАРЖАН». 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00. 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҰМИТ». 12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АЛПА. 15.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 01.35 САНА. 05.35 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҰМИТ». 12.10, 04.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.25, 03.45 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ. 05.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.30 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҰМИТ». 12.10, 03.50 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.35, 05.25 АҚСАУЫТ. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.05 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 00.20 ФУТБОЛ. 05.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҰМИТ». 12.10, 03.55 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.55, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ. 05.35 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.40 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҰМИТ». 12.10, 02.25 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АТАМЕКЕН. 14.40, 04.50 АРНАЙЫ ЖОБА. 15.00 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10, 04.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.25 САНА. 05.15 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.50 АҚПАРАТ. 07.00, 02.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 07.50, 04.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.00, 01.50 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «КОЛ СОЗҒАН ҰМИТ». 12.00 М/Ф. 13.50 «ТЕКТИК САРЫН» Х/Ф. 15.50 САҒЫНДЫҒАН ӘНДЕР-АЙ! 16.50, 02.10 АТАМЕКЕН. 17.20, 02.40 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 01.05 АЛПА. 21.00, 01.55 АҚОРДА. 21.50 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «КҰНАНБАЙ» Х/Ф. 03.10 «КҰМІС КӨМЕЛ».	

Дүйсенбі, 25 қараша	Сейсенбі, 26 қараша	Сәрсенбі, 27 қараша	Бейсенбі, 28 қараша	Жұма, 29 қараша	Сенбі, 30 қараша	Жексенбі, 1 желтоқсан
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	--------------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАЕДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 PRESIDENT . 18.30 NOBOSTI. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 21.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАЕДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 NOBOSTI. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАЕДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 NOBOSTI. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАЕДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 БІЗДІң НАЗАРДА. 18.30 NOBOSTI. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «АҰЖАЯ». 12.00 Т/Х «ТАЕДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 NOBOSTI. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР». 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ОЗ ЕЛІМ. 09.05 КУЛЬТУРНЫҢ КОНТЕКСТ. 09.35 НЕОСЕТЬ. 10.00 М/Ф. 11.10 М/Ф «ПАНДА И КИВИ». 12.00, 21.45 «ПЕРЕВОДЧИ-КН» Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 «ТИМУЧИН» Х/Ф. 17.00 ТАМАША. 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 ОЙНАҚ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ЖЕРҮЙІК. 09.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.40 М/Ф «СМЕШАРНИКИ. ДЕЖАВЮ». 12.00, 21.45 «СЕКРЕТНЫЙ АГЕНТ» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00 «ЛЮБОВЬ НА МИЛЛИОН» Х/Ф. 18.00 ТАМАША. 18.30 ОЙНАҚ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 25 қараша	Сейсенбі, 26 қараша	Сәрсенбі, 27 қараша	Бейсенбі, 28 қараша	Жұма, 29 қараша	Сенбі, 30 қараша	Жексенбі, 1 желтоқсан
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	--------------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «МИССИС УИЛСОН». 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 NOBOSTI. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «КАРТЕР». 04.25 УШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «МИССИС УИЛСОН». 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 NOBOSTI. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «КАРТЕР». 04.25 УШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «МИССИС УИЛСОН». 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 NOBOSTI. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «КАРТЕР». 04.25 УШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА». 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 NOBOSTI. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «КАРТЕР». 04.25 УШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА». 07.00, 19.00 KÖREMIZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ». 14.00, 02.10 NOBOSTI. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «СВОДНАЯ». 02.40 Т/Х «КАРТЕР».	06.00 УШҚАЛАҚ. 06.30 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА». 08.30 ПОДЪИМА. 09.30 ОАЙМАҚ КАЗАҚСТАН! 11.05 «КИТАЙСКАЯ БАБУШКА» Х/Ф. 13.00 «ГРУППА «ZETA» Х/Ф. 17.00 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ». 19.00, 03.30 KÖREMIZ. 20.00, 01.35 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАЦ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ПРОТИВОСТОЯНИЕ» Х/Ф. 02.05 Т/Х.	06.00, 04.20 УШҚАЛАҚ. 06.10 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА». 08.05 ЗАЦ МЕН ЕЛ. 09.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.25 «БЕСЦЕННАЯ ЛЮБОВЬ» Х/Ф. 13.45 «ГРУППА «ZETA» Х/Ф. 17.55 «ЛУЧШИЙ ДРУГ МОЕГО МУЖА» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПРОТИВОСТОЯНИЕ» Х/Ф. 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 Т/Х.

- Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.
- Жұртың көбіне ақыл берілгенімен, жүрек бәріне бірдей берілмеген.
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ЕНДІ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді қазақстандықтар eGov Mobile қосымшасы арқылы әскери қызмет туралы деректері ала алады және жібері алады. Бұл «Цифрлық мәліметтер» сервисінің жапартылуы арқасында мүмкін болады.



телефон нөмірі арқылы сұрау салу жібереді. Содан кейін пайдаланушы хабарлама алады және сұрау салуды растайды немесе оны кері қайтарды. Деректері eGov Mobile қосымшасына тікелей сілтеме арқылы мессенджерлер немесе пошта арқылы жіберуге болатынын атап өтеміз.

Сервисті пайдалану үшін:
- eGov Mobile қосымшасында авторизацияланып, «Мәліметтер» бөліміне өту;

- «Тарих» бөлімінде мәліметтерге қол жетімділік беруге келген сұрау салуларды қарап шығу;

- мәліметтерді беруге рұқсат беру немесе сұрау салуды қабылдамау;

- қажет болған жағдайда, бұрын берілген мәліметтерді «Қайтарып алу» батырмасын басу арқылы қайтарып алу қажет.

Бұдан басқа, пайдаланушылар мәліметтерге сұрау салулар тарихын тексеріп, қажет болған жағдайда бұрын берілген мәліметтерге қолжетімділікті басқаруға, оларды қайтарып алуға мүмкіндігі бар.

Жаңа функционалды жаңарту ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілімін қызметтер комитеті және «Үлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

Жайнағұ: СЕІІ/АХМЕТОВА.

Енді пайдаланушылар өздерінің әскери қызметке шақырылу мәртебесі мен әскери қызметке шақыру туралы ақпаратты смартфоннан тікелей қарап, бөлісе алады. Жаңа функциялар деректерге қолжетімділікті одан әрі ұнғайлы және жеңіл етеді.

Қосымшаның жапартылған нұсқасында екі жаңа цифрлық мәліметтер қолжетімді:

1. Әскери қызметке шақыру туралы ақпарат – азаматтың шақыру мәртебесі, сондай-ақ шақыру мерзімі туралы толық деректер;

2. Әскери қызметке қатысуға қатысты мәліметтер – азаматтың әскери міндеттілік мәртебесі туралы өзекті ақпарат.

Азамат өз мәліметтерін ЖСН, компанияның БСН-і немесе мобильді азаматтар базасына тіркелген телефон нөмірі арқылы өз бетінше жібере алады. Сонымен қатар, деректерді жұмыс берушінің тікелей сұрауы салуы бойынша да жіберуге болады — ол үшін жұмыс беруші ЖСН немесе

ЖЕР ҮЧАСКЕСІН ИЕСІЗ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН ЗАТ РЕТІНДЕ ЕСЕПКЕ ҚОЮ ТУРАЛЫ

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1 бабы 3 тармағының 1) тармақшасына және 82 бабына, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268 Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 242 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі мынадай иесіз жер учаскесін анықтады:
Жылжымайтын мүлікте жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның 2006 жылғы 27 қазандағы № 372 шешімі негізінде берілген жалпы ауданы 0,0644 га жер учаскесі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистов ауылдық округі, Украинка ауылында орналасқан Мария Романовна Бессчетнованың 2024

жылғы 09 шілдедегі № 1821, жер учаскесіне жеке меншік құқығынан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініші негізінде Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімі басшысының 2024 жылғы 08 қазандағы №8.5.01-02/21 бұйрығымен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы - Жылжымайтын мүлікте техникалық тексеру жер кадастры департаментінің аудандық бөлімшесін хабардар ете отырып (2024 жылғы 10 қазандағы №8.5.01-21/329-И шығ.) осы учаске иесіз жылжымайтын зат ретінде есепке қойылды.

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1 бабы 3 тармағының 1) тармақшасына және 82 бабына, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268 Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 242 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі мынадай иесіз жер учаскесін анықтады:
2022 жылғы 25 тамыздағы № 351 дүкен ғимараты мен жер учаскесін сату алу-сату шарты негізінде Самәду Тельман оғлы Назировқа берілген жалпы ауданы 0,0062 га жер учаскесі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 28 А үйде орналасқан. Айдархан Әшімұлының 2024 жылғы 31 шілдедегі № 2737 жер учаскесіне

жеке меншік құқығынан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініші негізінде Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімі басшысының 2024 жылғы 08 қазандағы №8.5.01-02/20 бұйрығымен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы - Жылжымайтын мүлікте техникалық тексеру жер кадастры департаментінің аудандық бөлімшесін хабардар ете отырып (2024 жылғы 10 қазандағы №8.5.01-21/329-И шығ.) осы учаске иесіз жылжымайтын зат ретінде есепке қойылды.

Алиас СӘРСЕНОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ

СҚО әкімдігі СҚО ТР және ТПРБ «Булаев орман шаруашылығы» КММ Суворов және Булаев орман алқаптарында таза санитарлық ағаш жосығы бойынша РООС секциясын қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> танысуға болады.

Барлық ескертүүлەر және/немесе ұсыныстар 2024 жылдың 21 қарашасынан бастап 10 жұмыс күні ішінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертүүлер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамауы: СҚО әкімдігі СҚО ТР және ТПРБ «Булаев орман шаруашылығы» КММ, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,

Булаев к., Пушкин көшесі, 19. БСН 000440003523, тел.: 8(7153)12-17-62.

Жобалық құжаттамамен әзірлеуші: «JustEco» ЖШС.

Қосымша ақпаратты жобалық құжаттамамен әзірлеушіден алуға болады.
Әзірлеушілердің деректері: «JustEco» ЖШС, Астана қ., Достық даңғылы, 5, БСН 230440016700 телефон: 8(702) 922 67 00, email: tojusteco@gmail.com

С НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАР ӨТЕДІ

ҚАРАҒАНДЫ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Қарағанды ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 29 қарашасында сағат 09.30-да Қарағанды ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Қарағанды ауылы, Ново-Лесная көшесі, 41, Ногайбай а/о әкімі аппаратының ғимараты.

ЛЕБЯЖЬЕ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Лебязье ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 29 қарашасында сағат 12.00-де Лебязье ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Лебязье ауылы, Революция көшесі, 4, Лебязье а/о әкімі аппаратының ғимараты.
МОЛОДОГВАРДЕЙСКОЕ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 27 қарашасында сағат 15.30-да Молодогвардейское ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен

топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.
Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылы, Центральная көше, 1 А, Молодогвардейский а/о әкімі аппаратының ғимараты.

ОКТАБРСКОЕ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Октябрьское ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 29 қарашасында сағат 16.00-де Октябрьское ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Октябрьское ауылы, Дальняя көшесі, 27, Аққайың а/о әкімі аппаратының ғимараты.

ПИСАРЕВКА АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Писаревка ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 25 қарашасында сағат 11.00-де Писаревка ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Писаревка ауылы, 1 Көше көшесі, 5 ғимарат, 2 тұрғын емес

үй-жай, Бастомар а/о әкімі аппаратының ғимараты.

ПОЛТАВКА АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Полтавка ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 28 қарашасында сағат 09.30-да Полтавка ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Полтавка ауылы, Интернациональная көшесі, 26 А, Авангард а/о әкімі аппаратының ғимараты.

СОВЕТСКОЕ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Советское ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 28 қарашасында сағат 15.00-де Советское ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Советское ауылы, Дубинин көшесі, 2, Алтын дән а/о әкімі аппаратының ғимараты.
ТАМАНСКОЕ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Таманское ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 27 қарашасында сағат 14.30-да Таманское ауылының егжей-

тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Таманское ауылы, Советская көшесі, 25, Таман а/о әкімі аппаратының ғимараты.

УЗЫҢКОЛ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Узыңкол ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 27 қарашасында сағат 10.00-де Узыңкол ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Узыңкол ауылы, 5 Көше көшесі, 9, Узыңкол а/о әкімі аппаратының ғимараты.

УСЕНКА АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданы, Успенка ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 25 қарашасында сағат 09.00-де Успенка ауылының егжей-тегжейлі орналасуы мен топографиялық түсірілімімен бас жоспарды түзетуді бекіту бойынша қоғамдық талқылау өтеді. Сіздердің белсене қатысуларыңызды сұраймыз.

Талқылаудың өтетін орны: Мағжан Жұмабаев ауданы, Успенка ауылы, Садовая көшесі, 26, Успенка а/о әкімі аппаратының ғимараты.

<p>Директор - бас редактор Петя ГОПЧАР</p> <p>Газеттің мәтінгі иесі: «Газета «Өсеті» ЖШС»</p>	<p>Редакцияның мекен жабы: 150809 Салтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49.</p> <p>Баспадың иеліксі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Zhuldizi» газеті редакцияда терізіл беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петровка к., Кунюков к-сі, 5 ұй). Тарамамы - 555</p>	<p>Газет ауданы өзінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы меншіксіз ақпараттық саясатты жүргізуді респуб. баспаханасынан табилдана</p>
---	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнамашың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақсала авторларының пікірлері редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналды, респондентпен бекітілмейді, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады